

Өндірушілер мен импорттаушылардың кеңейтілген міндеттемелерін орындау барысы туралы 2020 жылға арналған есеп.

Нұр-Сұлтан қ, 2021 жыл

Мазмұны

1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін айналысқа шығарылатын (әкелінетін) өнімдер (тауарлар) және оның (олардың) қаптамасы туралы мәлімет.....6
2. Кәдеге жаратылуға жататын қалдықтардың көлемі туралы ақпарат (қалдықтағы әрбір компонент бойынша) және нақты орындалған көлем көрсеткіші.....8
3.Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер.....12
3.1. 3.1 Автокомпоненттер қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру.....12
3.2. Қаптама қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру 14
3.3 Пайдаланудан шығарылған көлік құралдарын (бұдан әрі – ПШКҚ) және пайдаланудан шығарылған өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын (бұдан әрі – ПШӨЖАШТ) жинауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру.....17
3.4 Оператордың өнім қалдықтарын (тауарларды) жинауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру бөлігінде өзара іс-қимыл жасаған кәсіпорындар туралы мәліметтер, қоса алғанда олардың орналасқан жері, жиналған, қайта өңделген, залалсыздандырылған және кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, қалдықтардан алынатын өнімнің түрлері мен көлемі 21
4. Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын өндіруді ынталандыру бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер 25
5. Қалдықтарды екінші шикізат ретінде жинаудың және пайдаланудың жаңа технологияларын енгізу, қатты тұрмыстық қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттардың (өндірістердің) құрылысы туралы мәліметтер 26
6. Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер.....26
7. Электр зарядтау станцияларының желісін құру және дамыту туралы мәліметтер 29
8. Тарихи экологиялық проблемаларды шешу Дариял-У 31
9. Процестерді автоматтандыру және цифрландыру 33

Глоссарий

№	Аббревиатура	Мағынасы
1.	ҚР	Қазақстан Республикасы
2.	ӨКМ	Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері
3.	ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
4.	ҚР ЭГТРМ	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
5.	ҚР ҚМ МКК	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
6.	ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
7.	ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
8.	ЖК	Жеке кәсіпкер
9.	ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
10.	КҚ	Көлік құралы
11.	АШТ	Ауыл шаруашылығы техникасы.
12.	ҚТҚ	Қатты тұрмыстық қалдықтар
13.	ПШКҚ	Пайдаланудан шыққан көлік құралы
14.	ПШӨЖАШТ	Пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы.
15.	СЭҚТН	Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы
16.	РЕТ-флекс	Полиэтилентерефталат-флекс
17.	ЖҚП	Жоғары қысымды полиэтилен
18.	ТҚП	Төмен қысымды полиэтилен
19.	БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
20.	АҚБ	Аккумуляторлық батареялар

«ӨКМ Операторы» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Мекенжайы: 010017, Қазақстан
Республикасы, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, 18-үй,
1-қабат.
Басқарма Төрағасы: Құмарғалиев
Медет Құмарғалиұлы.

Қызмет бағыттары:

- өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және (немесе) олардың қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды Қазақстан Республикасы аумағында залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жарату мақсатында берген жағдайда, жеке және заңды тұлғалардың оларды бөлек жинауға және қайта өңдеуге жұмсаған шығындарын өтеу. Бұл шығындарды өтеу өндірістік қалдықтардан алынған немесе өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болып, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге берілген қалдықтарға қолданылмайды.
- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілердің полимерлік, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл қаптамаларды, сондай-ақ аралас материалдардан жасалған қаптамаларды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату үшін өндірушілер (импорттаушылар) төлейтін төлемге байланысты шығындарын өтеу.
- Қазақстан Республикасында экологиялық талаптарға (экологиялық 4-санат және одан жоғары; электр қозғалтқыштарымен) сәйкес келетін автокөлік құралдары мен олардың құрамдас бөліктерін, сондай-ақ техникалық регламенттермен белгіленген экологиялық талаптарға сай келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру.
- Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеуге жарамды және экологиялық қауіпсіз (жанбайтын және (немесе) жану қаупі төмен, түтін мен газдың бөліну деңгейі төмен) кабель-өткізгіш өнімдерін өндіруді келесі бағыттар бойынша өндірушілерді қаржылай қолдау арқылы ынталандыру: жұмыс орындарын сақтау; энергия ресурстарын пайдалану; экологиялық қауіпсіз және (немесе) қайта өңдеуге жарамды өнім өндіруге қажетті шикізатты сатып алу; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу; өнімді шығаруға байланысты сынақтарды өткізу; өнімді сертификаттау.
- өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және (немесе) олардың қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру.
- Қазақстан Республикасының аумағында залалсыздандыру, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату объектілері болмаған жағдайда, өндірушілердің

(импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және (немесе) олардың қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жойылғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, ҚР шегінен тыс жерлерде залалсыздандыруға, қайта өңдеуге және (немесе) кәдеге жаратуға беруді ұйымдастыру;

- қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жүйесін ұйымдастырушылық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ қалдықтар мен қайталама ресурстарды басқару саласында жарнамалық қызметті, білім беру және маркетингтік зерттеулерді қаржыландыру;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша көлік құралдарының қозғалысын спутниктік навигациялық жүйелердің деректері негізінде қадағалау ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жүргізу;
- қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату саласындағы эксперименттік, тәжірибелік, жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру;
- қалдықтарды қайталама шикізат ретінде жинау және пайдалану бойынша жаңа технологияларды енгізу, қатты тұрмыстық қалдықтар мен қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттар (өндірістер) салу, қайталама ресурстарды жинау және (немесе) пайдалану, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) пайдалану қызметімен айналысатын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру, электркуаЖШСен зарядтау станциялары желісін құру және дамыту;
- өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы ретінде өз функцияларын іске асыруға байланысты қызметті қаржыландыру;
- үлес капиталының елу немесе одан да көп пайыз дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды, Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобаларды одан әрі қаржыландыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен және талаптармен қаржыландыру;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №28 қаулысымен бекітілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларының 50-тармағының талаптарына сәйкес, «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы қызметі туралы есеп дайындалды.


1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін айналысқа шығарылатын (әкелінетін) өнімдер (тауарлар) және оның (олардың) қаптамасы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы 29) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 695 бұйрығымен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) тізбесі бекітілді. 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Оператор тарапынан елімізге әкелінген және Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына қатысты төлемнің толықтығы туралы **111 232 құжат** берілді.

1-кесте КҚ және АШТ импорты мен өндірісінің саны

Өлшем бірлігі	**Барлығы**	Импорт	Өндіріс
Көлік құралдары (КҚ)	**107 506**	40 526	66 980
Ауыл шаруашылығы техникасы (АШТ)	**3 726**	313	3413
	111 232	40839	70393

Есептік жылы 2019 жылмен салыстырғанда КҚ-ның импорт көлемі 2 мың данаға азайды, ал Қазақстанда өндірілген көлік құралдарының саны 21 мың данаға артты. 2020 жылдан бастап ӨКМ ауыл шаруашылығы техникасына (АШТ) енгізілді.




Сурет КҚ және АШТ импорты мен өндірісінің динамикасы.

Сондай-ақ, жалпы көлемі 277 мың тоннаны құрайтын ӨКМ аясында басқа өнімдер үшін төлемнің толықтығы туралы 28 525 құжат берілді:

2-кесте Көлік құралдарын қоспағанда, өнімдерді (тауарларды) импорттау және өндіру көлемі

Өнім атауы	СЭҚ ТН коды	Өнімнің (тауардың) импорт көлемі, тонна
Электр батареялары, соның ішінде олар үшін сепараторлар.	850710, 850720, 850730, 850740,	5 732
	850750, 850760, 850780	
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар.	401110, 401120, 401130, 401140, 401150, 401170, 401180, 401190, 401211, 401212, 401213, 401219, 401220	111 834
Битуминозды минералдардан және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында мұнайдың салмағы бойынша 70 және одан да көп пайызы бар өнімдерден алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикі мұнайдан басқа) немесе битумды жыныстардан алынған мұнай өнімдері және бұл мұнай өнімдері өнімнің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, құрамында биодизель және мұнай қалдықтары барларды қоспағанда.	2710198200, 2710198400, 2710198600, 2710198800	70 484
Басқа химиялық өнімдер.	381900, 382000	6 311
Полимерлі, шыны, қағаз, картон, металл қаптамалар, аралас материалдардан жасалған қаптама, қоса алғанда: - Асханалық және ас үй ыдыстары, асханалық және ас үй құралдары, басқа да тұрмыстық бұйымдар мен гигиена немесе дәретхана заттары, пластмассадан; - Газеттер, журналдар және басқа да мерзімді басылымдар, иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, жарнамалық материал бар немесе жоқ; - Қолмен құйылған қағаз және картон, сырланбаған ,жазуға, басып шығаруға немесе басқа графикалық мақсаттарға арналған.	392010, 392020, 392062, 3923, 4811510009, 4811590009, 4819, 7010, 731021, 731029, 7612902000, 761290800, 3924, 4902, 4802100000	83 001
БАРЛЫҒЫ:		**277 362**

Есепті жылы 2019 жылмен салыстырғанда ӨКМ қолданылатын өнімнің (тауарлардың) импорты мен өндірісінің көлемі, КҚ-дан басқа, қаптамаға төлем мөлшерлемесінің енгізілуіне байланысты дерлік 2 есеге артты:



Сурет "Көлік құралдарынан басқа ӨКМ қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) импорты мен өндірісінің динамикасы" .

2. Кәдеге жаратылуға жататын қалдықтардың көлемі туралы ақпарат (қалдықтағы әрбір компонент бойынша) және нақты орындалған көлем көрсеткіші

«ӨКМ Операторы» ЖШС қызметін 2020-2024 жылдарға дамыту стратегиясына сәйкес, ҚР ЭГТРМ 2020 жылға келесі нысаналы индикаторларды келісті:

өндірілген (импортталған) өнімнің (тауарлардың) жалпы санынан жиналған, қайта өңделген және кәдеге жаратылған қалдықтардың үлесі:

пайдаланылған АКБ – 45%;

пайдаланылған майлар - 30 %;

пайдаланылған шиналар - 40 %;

қаптама қалдықтары – 10%;

өзге де көрсеткіштер:

қабылданған және кәдеге жаратылған ПШКҚ – 40 000 дана.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтардың компоненттік құрамы

Орташа статистикалық есептеулерге сәйкес, көлік құралдарын кәдеге жарату және қайта өңдеу кезінде автокөліктен келесі компоненттер қайта өңделеді:

Қатты компоненттер: қара металл, түсті металл, шиналар, аккумулятор, пластмасса және полимерлер, тоқыма материалдары, шыны және т.б.

Сұйықтықтар: мотор майы, басқа майлар, тежегіш сұйықтығы, салқындатқыш сұйықтық.

Төменде көлік құралының осындай компоненттік құрауыштарының орташа статистикалық көрсеткіштері келтірілген.

3 кесте. Кәдеге жаратуға жататын КҚ компоненттері

№	Компонент атауы	Орташа мәні, кг
1	Қара металл	614.9
2	Түсті металл	23.4
3	Шиналар	32
4	Аккумуляторлық батареялар	14
5	Пластмассалар және полимерлер	3.4
6	Басқалар (тоқыма, көбік, шыны және т.б.)	186

Барлығы:	874

Сонымен қатар, ӨКМ қолданылатын басқа да өнім түрлерінің компоненттік құрамының бағасы төменде келтірілген.

Кесте 4 Шиналар

№	Компонент атауы	Орташа мәні
1	Резеңке	65%
2	Тоқыма сымы	18%
3	Металл сым	17%

5-кесте Антифриздер және мұздануға қарсы дайын сұйықтықтар

№	Компонент атауы	Мазмұн қатынасы
1	этиленгликоль, пропиленгликоль,бір атомды спирттер	60%
2	тазартылған су	38,50%
3	басқа қоспалар	1,50%

6-Кесте Аккумуляторлық батареялар

№	Компонент атауы	Орташа мәні
1	Қорғасын, құрамында қорғасын бар қосылыстар	75%
2	Полипропилен туындылары	10%
3	Күкірт қышқылы	5%
4	Бөлгіштер	10%

7-кесте Майлар


№	Компонент атауы	Орташа мәні, %
1	Негізгі май	85%
2	Тұтқырлық модификаторы	7%
3	Басқа қоспалар	8%

Нақты орындалған көлемнің көрсеткіші

2020 жылы автокомпоненттер мен қаптама қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату көлемі 109,2 мың тоннаны құрады.

8-кесте Қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату нәтижелері


Қалдық атауы	Кәдеге жаратудың нақты көлемі, тонна
Автокөлік құрамдастарының қалдықтары	
шиналар	23 881
АКБ	17 493
майлар	23 162
Қаптама қалдықтары:	
шыны	11 403
пластик	5 279



Шиналар. 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Оператордың нысаналы индикаторларымен салыстырғанда автокомпоненттер мен қаптама қалдықтарын кәдеге жарату көрсеткіштері шиналар бойынша 19%-ға жеткізілмеді. Нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу себептері COVID-19 коронавирустық инфекциясының әлеуметтік-экономикалық салдары болып табылады, соның нәтижесінде ұйымдар шиналарды кәдеге жарату бөлігіндегі шарттық міндеттемелерін толық көлемде орындамады.

2021 жылға арналған жоспарлар. Тозған шиналармен жұмыс істеу жүйесін ұйымдастыру бөлігінде осы қалдық түрлерін кәдеге жарату бойынша жеткіліксіз қуаттар, сондай-ақ тозған шиналарды жинаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен байланысты ШОБ-тың аз саны мәселесі байқалады. Аталған мәселені шешу үшін 2021 жылдың 1 тоқсанында Алматы қаласында шиналарды кәдеге жарату бойынша объектілердің құрылысын көздейтін «Daco Motors KZ» ЖШС және «TTI Group» ЖШС-мен ынЖШСақтастық туралы меморандумдар жасалды. Сондай-ақ Қостанай қаласында Қостанай қаласындағы ПШӨЖАШТ кәдеге жарату хабын салу шеңберінде шиналарды кәдеге жарату объектісі жоспарлануда.

2020 жылы басқа автокомпоненттер қалдықтары (АКБ және майлар), сондай-ақ қаптама қалдықтары бойынша Оператордың нысаналы индикаторларымен салыстырғанда жинау және кәдеге жаратудың нақты көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады.



Сурет Нысаналы индикаторлардың орындалуы, кг

АКБ үшін Қазақстан Республикасында өзіндік өндірістің болуы байқалады, ол дербес қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыруға байланысты кәдеге жарату төлемін төлеуден босатылған. Тиісінше, өнімнің осы топтары бойынша «нарық» көлеміне импортталатын АКБ көлемдері кіреді. Сондай-ақ, 2020 жылы майларды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату бөлігінде өткір проблемалардың жоқтығы байқалады.


Мәселен, «Халықаралық ақпараттандыру академиясы» ҚБ, «BT Kazakhstan Consulting» ЖШС және «BT Kazakhstan Оценка» ЖШС консорциумы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысына сәйкес: «Шиналар, майлар, аккумуляторлар, электронды және электр жабдықтары, қаптама, ауыл шаруашылығы техникасы,

көлік құралдарының қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындар мен кірістер көрсеткіштерін бағалау және талдау, өнімнің (тауарлардың) осы топтары бойынша қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыру және кәдеге жарату төлемдері үшін ақшалай төлемдер мөлшерін есептеу, сондай-ақ тұтынушылық ыдысқа депозиттік (кепілдік) жүгіртім жүйесінің тұжырымдамасы мен қаржылық моделін әзірлеу» (бұдан әрі – ҒЗЖ), майлармен және АКБ-мен жұмыс істеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет үшін өтемақы төлемдерінің мөлшерін азайту ұсынылды (майлар бойынша 42 000 теңгеден 8281 теңгеге дейін, АКБ бойынша 56 000 теңгеден 6630 теңгеге дейін).

Сондай-ақ, тежегіш, гидравликалық сұйықтықтарға, антифриздерге және қарсы сұйықтықтарға қатысты кәдеге жарату төлемінің «нөлдік» мөлшерлемесін атап өткен жөн, бұл аталған тауар түрлері бойынша ӨКМ-нің іс жүзінде жоқ екенін білдіреді. Дегенмен, ӨКМ қолданылатын өнімдерге (тауарларға) төлем мөлшерлемесі алынып тасталғанға дейін Оператор тиісті шарттар жасасуды және қалдықтардың осы түрлерімен жұмыс істеуді ұйымдастырумен айналысатын контрагенттерге кейіннен өтемақы төлемдерін жүргізуді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, кәдеге жарату алымынсыз ӨКМ электр және электронды жабдыққа, кабельдік-өткізгіштік өнімге қолданылады.

2020 жылы жинау пункттеріне 41 262 бірлік КҚ түсті. Қайта өңдеуге 52 512 КҚ жіберілді, 43,5 мың тонна қайта өңделді. Қайта өңдеуден кейін келесі көлемдегі өнім алынды: қара металдар – 32 289 тонна, алюминий – 1 181 тонна, резеңке – 143 тонна, басқа түсті металдар – 47 тонна, пластик – 35 тонна.



3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату бойынша жүргізілген жұмыс туралы мәліметтер

3.1 Автокомпоненттер қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру.

2016 жылдан бастап ӨКМ Операторы тозған автомобиль шиналарын, пайдаланылған майларды және аккумуляторларды жинаумен, тасымалдаумен және қайта өңдеумен айналысатын қазақстандық кәсіпорындарға субсидиялар төлей бастады. 2017 жылдан бастап – ӨКМ «нөлдік мөлшерлеме» бойынша қаптамаға енгізілді (өндірушілер мен импорттаушылар кәдеге жарату алымын төлеген жоқ). Қаптамаға кәдеге жарату төлемінің мөлшерлемесі 2020 жылдан бастап енгізілді.

Автокомпоненттер. Автокомпоненттер қалдықтарын жинау және қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымдарға субсидиялар төленеді, олардың мөлшері жиналған және қайта өңделген қалдықтар көлеміне байланысты. Бұл шаралар Қазақстанда жаңа қуаттарды құруға және қайта өңдеу саласын одан әрі дамытуға қолдау көрсетуге, бизнесті ынталандыруға бағытталған.

2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша автокомпоненттер қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бөлігінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:



Сурет Автокомпоненттер қалдықтарын жинау және кәдеге жарату

Жоспарланған және нақты орындау арасындағы сәйкессіздік бірқатар объективті себептерге байланысты:

1. Контрагенттер жасалған шарттарға техникалық ерекшеліктердің талаптарын орындамады;
2. Ұсынылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың сәйкес келмеуі;
3. Контрагенттердің өндірістік мүмкіндігінің болмауы.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері енгізіле бастағаннан бері пайдаланылған майларды жинау және кәдеге жарату бойынша оң динамика байқалады. Шиналар, АКБ және басқа химиялық өнімдер бойынша жинау және кәдеге жарату көлемі салыстырмалы түрде бұрынғы деңгейде қалуда.



Сурет Автокөлік бөлшектерінің қалдықтарын жинау және кәдеге жарату динамикасы

3.2 Қаптама қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасындағы қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) пайда болуы және жиналуы елдегі өткір экологиялық мәселелердің бірі болып табылады. ҚТҚ-ның қоршаған ортаға әсері және олардың түзілу көлемі ҚТҚ-мен жұмыс істеу мәселелерін шешу үшін кешенді тәсілдер мен іс-шаралар әзірлеуді талап етеді.

Атап айтқанда, «жасыл экономиканың» нысаналы индикаторларының бірі - 2030 жылға қарай қайта өңделген қалдықтар үлесін 40%-ке дейін арттыру.

Қазақстанда жыл сайын 4,5-5 млн тонна ҚТҚ түзіледі, бұл ретте ҚТҚ түзілуінің сипаты жаппай болып келеді, демек, таяу жылдары азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың номенклатурасының, оларға арналған қаптаманың ассортименті мен түрлерінің ұлғаюы есебінен түзілетін көлемнің ұлғаюын күту керек.

Қаптама қалдықтарының, ҚТҚ-ның ең көп бөлігі ретінде жиналу проблемаларын шешу және қайта өңделуін қамтамасыз ету ӨКМ қағидасына негізделген.

2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қаптама қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бөлігіндегі келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді (келісімшарттар көлемімен салыстырғанда қалдықтардың түрлері бойынша келтірілген):



Сурет Қаптама қалдықтарын жинау және кәдеге жарату

Жоспарланған және нақты орындау арасындағы сәйкессіздік бірқатар объективті себептерге байланысты:

1. Контрагенттер техникалық ерекшеліктің шарттарын орындамады;
2. Бастапқы бухгалтерлік құжаттардың сәйкес келмеуі;
3. Контрагенттердің өндірістік мүмкіндігінің болмауы (өндіріс қарқынының төмендеуі, жабдықтың істен шығуы).

Оператордың қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін қалыптастырудағы ауқымды міндеті ұйымдастырушылық және құқықтық негіздердің жетілмегендігімен қиындайды. Қалдықтарды ҰЖШСды басқару үшін нормалар жеткіліксіз, ал кешенді жүйені құру және жұмыс істеу жауапкершілігі бөлінбеген. Сонымен қатар, ӨКМ қолданылатын өнім (тауар) өндірушілерінің деректер базасы жоқ. Қалдықтарды басқару жүйесіндегі төмен тарифтер мен субсидиялар мөлшері инвесторлар мен бизнестің саладағы кәсіпкерлік қызметке қатысуын тарЖШССсыз етеді. Бұл мәселе жергілікті атқарушы және өкілді органдар үшін өте күрделі, өйткені тарифтердің, ең алдымен халық үшін өсуі әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылады. Жүргізілген ҒЗЖ қорытындыларына сәйкес қаптама қалдықтарын (шыны, қағаз, пластик, аралас қаптама) жинау және тасымалдау үшін өтемақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту қажет.

2020 жылы ҚТҚ-мен орталықтандырылған жүйені енгізу мақсатында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді (2021 жылғы 1 шілдеден бастап), бұл Оператор қаражатын МЖӘ жобалары шеңберінде ҚТҚ-мен жұмыс істейтін сала субъектілерінің шығындарын өтеуге, оның ішінде жұмыс істеп тұрған полигондарды сәйкестендіруге және жаңаларын салуға; стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға бағыттауды көздейді.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері енгізіле бастағаннан бері пластмасса қаптама қалдықтарын, сондай-ақ 2018-2019 жылдармен салыстырғанда картон және қағаз қаптама қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша оң динамика байқалады. Шыны қаптама қалдықтары бойынша 2018-2019 жылдармен салыстырғанда көлемнің аздап төмендеуі байқалады.



	Отходы пластмассовой упаковки	Отходы картонно-бумажной упаковки	Отходы стеклянной упаковки	Отходы металлической упаковки
2016	0	0	0	0
2017	6066	45025	9968,4	0
2018	8994,94	31594,667	26393,15	279,24
2019	8826	10706	23166	194
2020	12472,635	46007,76384	18336,152	0

Сурет Автокөлік бөлшектерінің қалдықтарын жинау және кәдеге жарату динамикасы

Қаптама қалдықтарын жинайтын және қайта өңдейтін кәсіпорындарды субсидиялаудан басқа, ҚТҚ-ны бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау және қайта өңдеу жүйесін инфрақұрылымдық дамыту, өңірлерде жүйелі жұмыс құру маңызды, бұл халық үшін ҚТҚ-ны бөлек жинау мүмкіндіктері бөлігінде қолайлы өмір сүру жағдайларын, қайталама шикізатты қайта өңдеуге тапсыру үшін қаражат алу арқылы қаптамадағы тауарларды сатып алуға кететін шығындарды ішінара өтеу мүмкіндігін жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, балалар мен ересектердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру - Оператор жұмысындағы негізгі әлеуметтік басымдықтардың бірі.

Мемлекеттің экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы басымдықтарын ескере отырып, бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі және келесі бағыттарды қамтиды:



«ЭкоАсар», «Сарыға таста», «Vпереработка», «А-дан Я-ға дейін кәдеге жарат», «Экотрак», «Экоклоундар» ауқымды бастамаларын өткізу; Барлық білім беру ұйымдарымен жүйелі жұмыс (кіріктірілген сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізу, ата-аналармен жұмыс, «Менің экоөмірім» республикалық байқауы арқылы балалардың, жастардың және педагогикалық бастамаларға қолдау көрсету);

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы негіз ретінде ҚТҚ-ны бөлек жинауды ілгерілету бойынша ақпараттық, бейне, анимациялық және әдістемелік ресурстар шығару;



Қоғамдық қайталама шикізатты жинауға және басым мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік бастамаларды қолдау (онкобөлімшелерге, үйсіз жануарларға арналған питомникке көмек көрсету,

көпбалалы отбасыларды қолдау, отбасылық оқуды қолдау).

Қазіргі уақытта бұл жұмысты Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында әкімдіктер, бизнес, жұртшылық, халықаралық ұйымдар қолдады. Мысалы, «ЭкоАсар» акциясы ҚТҚ-ны бөлек жинауды танымал етуге бағытталған (ЭкоАсар аясында 60 000 кг қайталама шикізат жиналды. Қайталама шикізатты тапсырудан түскен қаражатқа аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға 12 ноутбук сатып алынып берілді. Нұр-Сұлтан қаласындағы үйсіз жануарларға арналған панақорға 1200 кг-нан астам жем сатып алынып берілді. Қатысушы мектептердің кітапхана қорын толықтыру жоспарлануда.).

Бұл шаралар қайталама шикізаттың сапасын жақсартуға және жалпы қалдықтардың түзілу көлемін азайтуға бағытталған.



Сонымен қатар, 2020 жылы Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық паркінде, Семей, Ақтөбе және Өскемен қалаларында қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптауды енгізу бойынша жол карталарын іске асыру шеңберінде қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер мен арнайы техника сатып алу қаржыландырылды.

Мақсат – қатты тұрмыстық қалдықтарды 30%-ға дейін бөлек жинауды қамтамасыз ету.

Сатып алынған мүлік жергілікті атқарушы органның балансына беріледі.

3.3 Пайдаланудан шығарылған көлік құралдарын (бұдан әрі – ПШКҚ) және пайдаланудан шығарылған өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын (бұдан әрі – ПШӨЖАШТ) жинауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру

ПШКҚ және ПШӨЖАШТ қабылдау auto.recycle.kz автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (ААЖ) жүзеге асырылады.

Жүйенің жұмыс істеу қағидаты өтініш берушінің «ӨКМ Операторы» ЖШС ПШКҚ/ПШӨЖАШТ жинау пунктіне жүгінетініне, жинау пунктінің қызметкері жүйеге клиенттің деректерін және оның ПШКҚ/ПШӨЖАШТ деректерін құжаттардың және объектінің сканерленген көшірмелерін тіркей отырып енгізетініне, сауалнаманы ААЖ модераторымен келісуге жіберетініне негізделген. Сауалнаманың дұрыс толтырылуы және құжаттар жиынтығы тексерілгеннен кейін модератор ПШКҚ/ПШӨЖАШТ қабылдауға келісім береді және ақшалай өтемақы төлеуге немесе жеңілдік сертификатын алуға құжаттарды жібереді. Бұл жұмыс алгоритмі ПШКҚ/ПШӨЖАШТ қабылдауды барынша жеңілдетуге мүмкіндік береді.

ПШКҚ/ПШӨЖАШТ жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды ұйымдастыру үшін Оператор ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен келісім бойынша ПШКҚ/ПШӨЖАШТ-ты кәдеге жаратуға қабылдау бағдарламасын әзірледі

және ұйымдастырушылық-техникалық, ақпараттық және өзге де қажетті іс-шаралар кешенін өткізді.

Осы бағытты іске асыру шеңберінде 21.11.2016 Қазақстан Республикасының 17 қаласында (Астана, Алматы, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Семей, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Ақтау, Атырау) тиісті көлемдегі ПШКҚ (M1, N1, M2, N2, M3, N3 санаттары) қабылдау пункттері ашылды. 2019 жылдың наурыз айынан бастап Қордай ауылында қосымша қабылдау пункті уақытша жұмыс істеді.

2020 жылы Шымкент қаласында тапсырылатын ПШКҚ көлемінің көп болуына байланысты ПШКҚ жинаудың қосымша (екінші) пункті ашылды.

ПШКҚ кәдеге жарату зауыты Қарағанды қаласында орналасқан және 2017 жылы іске қосылған (ПШКҚ-ны ұсақтау және 97%-ке дейін терең қайта өңдеу). Қайта өңделген ПШКҚ-дан келесі өнім алынады: қара және түсті металдар, пластик және резеңке. 2020 жылы зауытта қосымша қуаттар енгізілді: екінші пиролиз цехы іске қосылды.

2020 жылы ескі автомобильдерді сатып алу бағдарламалары шеңберінде 41262 ПШКҚ қабылданды, оның ішінде 8651-і жеңілдік сертификаттарын беру үшін, 32611-і ақшалай қаражат төлеу үшін.



Сурет Аймақтар бойынша ПШКҚ жинағы

Наурыз айынан бастап мамыр айына дейін жинау пункттері ішінара карантинге жабылғанын атап өткен жөн, бұл кезеңде ПШКҚ жинаудың төмен көрсеткіштері байқалады. Мәселен, 3 ай ішінде 3900 ПШКҚ тапсырылды (103 өтемақы, 3797 сертификатқа).

Салыстыру үшін, 2019 жылдың наурыз-мамыр айларында 8606 ПШКҚ қабылданды (2984 өтемақы, 5622 сертификатқа).

2020 жылы ПШКҚ-ны кәдеге жаратуға қабылдау рәсімін жеңілдету бойынша кешенді жұмыс жүргізілгенін атап өткен жөн. 2020 жылдың сәуір айынан бастап Оператордың ААЖ ақпараттық жүйесінде көлік құралдарын

кәдеге жаратуға есептен шығару туралы деректерді автоматты түрде тексеру жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, 2020 жылдың 1 маусымынан бастап М1 санаты (жеңіл автомобильдер) бойынша ПШКҚ тапсырғаны үшін төлемдер толық жинақталымда 200 мың теңгеге дейін (бұрын – 150 мың теңге), сондай-ақ толық емес жинақталымда 150 мың теңгеге дейін (бұрын 48 мың теңге) ұлғайтылды.

Мәселен, егер 1 қаңтар мен 31 мамыр аралығында М1 санаты бойынша 5935 ПШКҚ қабылданса (оның ішінде 447-сі өтемақы төлеуге, 5488-і жеңілдік сертификатын алуға), онда 1 маусым мен 31 желтоқсан аралығында халық 30081 жеңіл автокөлікті тапсырды. Осылайша, төлем мөлшерін ұлғайту халықты көлік құралдарын кәдеге жаратуға тапсыруға айтарлықтай ынталандырды.

Сондай-ақ, 1 қазаннан бастап М2, М3, N1, N2, N3 санаттары бойынша ПШКҚ қабылдау ақшалай өтемақы төлеу арқылы жүзеге асырылды (бұрын бұл санаттар бойынша тек жеңілдік сертификаттары берілген).


Республикадағы ТЖ режимі мен карантиннің салдарын ескере отырып, ақшалай төлемдерге көшу мультипликативті әсерге ие болады деп күтілген еді: біріншіден, ПШКҚ иелерінің әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді; екіншіден, ПШКҚ иелерінде ақшалай қаражатты басқа мақсатқа пайдалану баламасы пайда болуымен белгілі бір автоөндірушілерде жеңілдік сертификаттарын пайдалану мүмкін еместігі тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік береді.

М2, N1, N2 көлік құралдары санаттары бойынша төлем 144 АЕК (400 мың теңге), М3, N3 санаттары бойынша – 216 АЕК (600 мың теңге) құрады.

2020 жылдың 9 айында М2, N1, N2 санаттары бойынша жеңілдік сертификаттарын беруге 2,6 мың автомобиль, М3, N3 санаттары бойынша – 596 автомобиль қабылданғанын атап өткен жөн.

Бұл ретте, 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін ақшалай төлемдерге көшу кезінде (бір тоқсанда) халық М2, N1, N2 санаттары бойынша 1392 автокөлікті және М3, N3 санаттары бойынша 693 автокөлікті тапсырды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі есепті жылы ПШКҚ жинау және кәдеге жарату көлемінің ұлғаюы болып табылады.



Сурет Қалдықтарды жинау және кәдеге жарату динамикасы

2021 жылы 45 000-нан астам ПШКҚ-ны кәдеге жаратуға қабылдау жоспарлануда, сонымен қатар зауытта қосымша қуаттарды іске қосу жоспарланған.

Тұтастай алғанда, 2020 жылы 1984 жылдан 2000 жылға дейін шығарылған, яғни пайдалану мерзімі 20-35 жылды құрайтын 35 984 жеңіл автокөлік, M2, N1, N2 санаты бойынша 3989 автокөлік және 1289 үлкен автобус пен жүк көлігі қабылданды.

Өтемақыға:

Санаты	Саны
M1	30526
N1	176
M2	541
M3	663
N2	675
N3	30

Сертификаттарға:


Санаты	Саны
M1	5458
M2	1091
M3	580
N1	423
N2	1083
N3	16

2020 жылы халық 11076 жеңілдік сертификатын пайдалана отырып, отандық өндірістен шыққан 5781 жаңа көлік құралын сатып алды.

Халық арасында ең сұранысқа ие отандық автомобиль үлгілері: RAVON Nexia R3, Hyundai Tucson, Lada Granta, KIA RIO және Hyundai Accent.

2020 жылдың 2 қарашасынан бастап Қазақстанда пайдаланудан шығарылған өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қабылдау бағдарламасы іске қосылды.

2020 жылы пилоттық режимде 120 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы кәдеге жаратуға қабылданды (100 трактор және 20 комбайн), қабылдау Қазақстанның 10 өңірінде жүзеге асырылды (Петропавл, Қостанай, Павлодар, Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда, Тараз, Ақтөбе).



Сурет Аймақтар бойынша қабылданған ПШӨЖАШТ саны

Ескі ауыл шаруашылығы техникасын (ПШӨЖАШТ) кәдеге жарату 2021 жылы іске қосылуы жоспарланған Қостанай қаласындағы кәдеге жарату хабының алаңында жүзеге асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы техникасы жеңілдік сертификаттарына айырбас ретінде қабылданды. Зауыттық массасының 50%-нан астамын құрайтын кез келген үлгідегі тракторға, егер негізгі құрамдас бөліктері болса, иесі 1 млн

теңгелік сертификат алады. Зауыттық массасының 50%-нан астамын құрайтын комбайн, егер негізгі құрамдас бөліктері болса, 2 млн теңгелік сертификатқа айырбасталады.

Жеңілдік сертификатын Қазақстанда өндірілген жаңа ауыл шаруашылығы техникасын немесе елімізде шығарылған жеңіл, жүк және жолаушылар көлігін сатып алу кезінде пайдалануға болады.

Бағдарлама бір агротехниканы немесе көлік құралын сатып алу кезінде екі сертификатты біріктіруге мүмкіндік береді.

Сертификатты тіркеген сәттен бастап оның қолданылу мерзімі – 12 ай.

Ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жарату зауытының орналасқан жері статистикалық деректер негізінде анықталды, оған сәйкес Қазақстанда 100 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген, оның шамамен 60%-ы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында шоғырланған.

2020 жылы әрқайсысының салмағы 5 тоннадан асатын 20 бірлік Енисей-1200 және СК5 Нива үлгісіндегі комбайн тапсырылды.

Тракторлардан ең көп тапсырылған үлгілер – Т-40 (салмағы 1,7 тоннадан бастап 32 бірлік) және ЮМЗ (салмағы 2,5 тоннадан бастап 22 бірлік).

Сондай-ақ, МТЗ-50, Т-402, Т-28, Т-25 және басқа да тракторлар қабылданды. Қабылданған тракторлардың салмағы 1,6 тоннадан 6,8 тоннаға дейін.

2021 жылы 2380 ПШӨЖАШТ қабылдау жоспарлануда: 1900 трактор және 480 комбайн.

3.4 Оператордың өнім қалдықтарын (тауарларды) жинауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру бөлігінде өзара іс-қимыл жасаған кәсіпорындар туралы мәліметтер, қоса алғанда олардың орналасқан жері, жиналған, қайта өңделген, залалсыздандырылған және кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, қалдықтардан алынатын өнімнің түрлері мен көлемі

2020 жылы Оператор ӨКМ қолданылатын өнім (тауар) қалдықтарын жинауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру саласындағы келесі ұйымдармен келісімшарттар жасасты:

Автокомпоненттер.

№	Ұйымдар	Орналасқан жері	Қалдықтардың көлемі (жинау және Кәдеге жарату), тонна	Өнім түрі	Саны, тонна
1	«Әлем тынысы» ЖШС	Алматы облысы	0	-	-
2	«ТАНДЕМ-ПВ»ЖШС	Павлодар қаласы	493	қорғасын /(ПАБ)Пайдаланылған аккумуляторлық батареялар	102.86/238
3	Қайнар –АКБ ЖШС	Алматы облысы	16999,9	қорғасын	17468,494

4	«Якубель С.В.» ЖК	Ақмола облысы	0	-	-
5	"High Industrial Lubricants & Liquids» ЖШС	Шымкент қаласы	20500	негізгі майлар «Hill Base Oil, қыздыру майы тұрмыстық, шпиндельмұнай, газойль,	14023,43562
				мұнай шайыры	
6	"RecyclingCompany"ЖШС	Қарағанды облысы	609.5	қыздыру майы	680 937
7	"RTF PVL" ЖШС	Павлодар облысы	2053	қыздыру майы	2522 726
8	ЖК АБМ .Экошина (Нұрмашев Т.Ш.)	Ақмола облысы	22.13	резеңке үгіндісі	68 279
9	«Промекология» ЖШС	Атырау облысы	761380	резеңке үгіндісі, резеңке плиткалар	539 901
10	"TALAN Technology"ЖШС	Ақтөбе облысы	2196.6	резеңке үгіндісі	2246 013
11	"Резеңке - Техникалық Қалдықтар" ЖШС	Нұр-Сұлтан қаласы	2931.3	резеңке үгіндісі	1875 684
12	«Soltustik rubber recycling» ЖШС	Солтүстік Қазақстан облысы	1544,5	резеңке үгіндісі	1478 037
13	«Еділ және компания» ЖШС	Қостанай облысы	762,97	резеңке үгінді/пешжанармай	600,283/284,831
14	"ЭКО шиналар"ЖШС	Шымкент, Ақтау	4000	резеңке үгіндісі	3681,125
15	"Q-Recycling"ЖШС	Алматы қаласы	3976,7	резеңке үгіндісі	2610 688
16	«Восток Металл Транс» ЖШС	Шығыс Қазақстан облысы	441	резеңке үгіндісі	467 897
17	«Ecoindustry»ЖШС	Қарағанды облысы	3000	резеңке үгіндісі	1207 921
18	"Губер С.В."ЖК	ЗКО	49.4	резеңке үгіндісі, резеңке плиткалар	81,72
19	«Inter rubber recycling» ЖШС	Павлодар облысы	198.5	резеңке үгіндісі	201 694
20	"ЭКО АЛТЫН"ЖШС	Павлодар облысы	800	резеңке үгіндісі	623,01
21	«ЭкоСервис-Арман» ЖШС	Алматы облысы	1291	қыздыру майы	1031 268
22	«Smart Rubber»ЖШС	Қызылорда облысы	800	резеңке үгіндісі	565,36
23	«МПК Әулет»ЖШС	Алматы облысы	0	-	-
24	«Эко Технология» ЖШС	Алматы облысы	793	резеңке үгіндісі	559 716

Қаптама қалдықтары (жинау)

	Ұйымдар	Орналасқан жері	Жинау, кг

шыны қалдықтары			
1.	«KazRecycleServices» ЖШС	Нұр-Сұлтан	289045
2.	«Kazakhstan Recycling Company» ЖШС	Алматы	359029
3.	«РАДУГА» ЖШС	ОҚО	98105
4.	«Таза Жер МПК» ЖШС	Алматы облысы	1126210
5.	«Kazakhstan Waste Recycling» ЖШС	Алматы	14991
6.	ЖК Big Deal	Алматы облысы	5774031
7.	"NEO PLUS"ЖШС	Ақтөбе	665
8.	"Clean City"ЖШС	Нұр-Сұлтан	96204
Қағаз және картон қалдықтары			
9.	«KAGAZY RECYCLING» де	Алматы	3600000
10.	"Clean City"ЖШС	Нұр-Сұлтан	2355098
11.	«Eco Waste Aqtau» ЖШС	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	299978
12.	Eco Waste Aktau ЖК	Маңғыстау облысы	200000
13.	«Атамекен 4+» ЖШС	Қостанай облысы	999999
14.	«Радуга» ЖШС	Петропавл	773400
15.	«ГорКомТранс» ЖШС	Қарағанды облысы	1000005
16.	"Картон-НС" ЖК	Нұр-Сұлтан	72700
17.	"NEO PLUS" ЖШС	Ақтөбе	8650
18.	«Kazakhstan Waste Recycling» ЖШС	Алматы	8725991
19.	«Ecoline Tabigat» ЖШС	Алматы	0
20.	Eco-KZ ЖК	Нұр-Сұлтан	50000
21.	.Косарев В.В. ЖК	Ақтөбе облысы	385440
пластик қалдықтары			
22.	«STATUS-EVEREST» ЖШС	Түркістан облысы	287118
23.	«ГОРКОМТРАНС ҚАРАҒАНДА ҚАЛАСЫ» ЖШС	Қарағанды қаласы	1200000
24.	«РАДУГА» ЖШС	Пертопавл	1500000
25.	«Жанатехпром» ЖШС	Қарағанды облысы	0
26.	«EcoComfort» тазалау компаниясы» ЖШС	Қарағанды	200000
27.	«Бетапласт» ЖШС	Алматы облысы	1792034
28.	«Атамекен 4 плюс» ЖШС	Қостанай облысы	100000
29.	«ТазЖер МПК» ЖШС	Алматы облысы	463092
30.	"Clean City" ЖШС	Нұр-Сұлтан	1076981
31.	«KazRecycleServices» ЖШС	Нұр-Сұлтан	882218

Қаптама қалдықтары (кәдеге жарату)

	Ұйымдастыру	Орналасқан жері	Кәдеге жарату, тонна	Алынған өнім түрі	Саны, тонна
шыны қалдықтары					
32.	«ЕВРОКРИСТАЛ» ЖШС	Шымкент	4 006 749	шыны бөтелке	49 177 853
33.	«CASPIAN BEVERAGE HOLDING» АҚ	Алматы	73.8	шыны бөтелке	78 913
34.	«QAZAQ GLASS COMPANY» ЖШС	Алматы облысы	100.18	шыны бөтелке	1646,94
35.	«Эфес Қазақстан» ЖК АҚ	Алматы	242 708	шыны бөтелке	242 708

36.	«АлматыСтекло» ЖШС	Алматы облысы	6 979 627	шыны бөтелке , консерві өнімдерінің ыдысы	25 917,74
макулатура және картон					
37.	«KAGAZY RECYCLING» ЖШС	Алматы	26 451 236	гофрленген қағаз, гофр картон	39 926 421
38.	«Eco Pack Astana» ЖШС	Ақмола облысы	300	жұмыртқаға арналған қағаз ұяшықты төсеніш	374 616
39.	«Сулейменов А.Қ.»ЖК	Қарағанды облысы	511 672	жұмыртқаға арналған қағаз ұяшықты төсеніш	503 856
40.	"ЛИСБУМ.KZ" ЖШС	Қостанай облысы	437 004	гофрленген қағаз	329 258
41.	«КАРТОН-ҚАҒАЗ КОМБИНАТЫ-2015» ЖШС	Қостанай	272 032	жұмыртқаға арналған қағаз ұяшықты төсеніш	276 054
пластик қалдықтары					
42.	«Green Technology Industries» ЖШС	Шымкент	1 747 915	пэт-флекстер	2 096 058
43.	«STATUS-EVEREST» ЖШС	Түркістан, Алматы облысы	201 461	пэт-флекстер	243 131
44.	"Қарағанды қаласының «ГОРКОМТРАНС» ЖШС	Қарағанды облысы	1 200	пэт-флекстер	1 200 324
45.	«РАДУГА» ЖШС	Петропавл	1 308 946	ТЖТ және ЖЖТ түйіршіктері	1 446 185
46.	««Экокомфорт Тазалық компаниясы» ЖШС	Қарағанды облысы	181 296	ТЖТ және ЖЖТ түйіршіктері	202 841
47.	«KazRecycleServices» ЖШС	Нұр-Сұлтан	639 208	ТЖТ және ЖЖТ түйіршіктері	687 361

2021 жылдан бастап Оператор қаптама қалдықтарын жинауды, қайта өңдеуді, тасымалдауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыруға қатысты жұмыс қағидатын өзгертуді жоспарлап отыр. Бұл мақсатта автоматтандырылған ақпараттық жүйе – EcoQoldaý енгізіледі. Бұл жүйе қайталама шикізат нарығының үш негізгі қатысушысын бір электрондық алаңда біріктіреді.

Цифрландыру нәтижесінде рәсімдер айтарлықтай жеңілдетіледі:

1. Шарттар жасасу:

- Тендерлік рәсімдер алынып тасталды, ұсынылатын құжаттар тізімі қысқартылды (13 түрден 3 түрге дейін);
- Жасалатын шарттың мерзімі 2 жылға дейін ұзартылды (қосымша 1 жылға автоматты түрде ұзартумен), қалдықтарды толық кәдеге жарату қуатына тең барлық көлемді сатып алумен.

2. Субсидия алу үшін контрагенттердің есептілігі:

- Қайталама шикізат жинаушылардың, тасымалдаушылардың және қайта өңдеушілердің өзара әрекеттесуінің бизнес-процестері цифрландырылды;
- Есептік құжаттар тізімі қысқартылды (23-28 түрден 3-5 түрге дейін);
- Көлік шығындарын жабу дифференцияланды;
- Субсидия мөлшерін индекстеу үшін әрбір килограммға АЕК-пен төлем.


4.Операторлың өнім қалдықтарын (тауарларды) жинауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру бөлігінде өзара іс-қимыл жасаған кәсіпорындар туралы мәліметтер, қоса алғанда олардың орналасқан жері, жиналған, қайта өңделген, залалсыздандырылған және кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, қалдықтардан алынатын өнімнің түрлері мен көлемі

Қазақстанда экологиялық таза көлік құралдары мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру Оператормен ҚР Экологиялық кодексіне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 52711 көлік құралын өндіруге 1711 өтінім, сондай-ақ экспортталатын 4821 көлік құралын өндіруге 238 өтінім ынталандырылды.



Сурет Көлік құралдарын өндіруді өндірушілер бойынша ынталандыру



Сурет Ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді өндірушілер бойынша ынталандыру

2020 жылы «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС, «Азия Авто» АҚ, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «СемАЗ» ЖШС, «Hyundai TransKazakhstan» ЖШС, «Агромашхолдинг» АҚ өндірушілерінің 9651 жеңілдік сертификатын

(пайдаланудан шыққан көлік құралын немесе өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жаратуға тапсырғанын растайтын және экологиялық таза автомобиль көлік құралын немесе өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдік алу құқығын көздейтін құжат) субсидиялауға 51 өтінім қаржыландырылды.

5 .Қалдықтарды екінші шикізат ретінде жинаудың және пайдаланудың жаңа технологияларын енгізу, қатты тұрмыстық қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттардың (өндірістердің) құрылысы туралы мәліметтер.

Шыны қалдықтары мен шыны сынықтарын бөлек жинау технологиясы.

2020 жылы Оператор Қазақстанда бұрын қолданылмаған шыны қалдықтары мен шыны сынықтарын бөлек жинау технологиясын енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізді. Қазақстан аумағында шыны ыдыстарды қабылдау пункттері бұрыннан бар болғанымен, қалалық форматта шыны қалдықтары мен шыны сынықтарын жинау процесі осы қалдық түрін бөлек жинауға арналған жүйенің болмауына байланысты қолданылмады.

Осылайша, 2020 жылы тұрғын үй қорындағы ашық контейнерлік алаңдарда ҚТҚ құрамынан шыны қалдықтарын (шыны сынықтарын) жыл бойы жинауға және сақтауға арналған 1527 арнайы жобаланған контейнерлерді жеткізуге келісімшарттар жасалды.

Бұл контейнерлерге қызмет көрсету үшін қалдықтарды престеу (тығыздау) жүйесіз кран-манипуляторлық қондырғысы бар шыны қалдықтарын жинауға және тасымалдауға арналған заманауи жоғары тиімді қоқыс таситын машиналар қарастырылған.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды автоматтандырылған сұрыптау желілері.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бар сұрыптау желілері қолмен жинау технологияларын қолданады. 2020 жылы Оператор қол еңбегін айтарлықтай қысқартуға, еңбек шығындарын оңтайландыруға және жалпы сұрыптау тиімділігін арттыруға қабілетті автоматты сұрыптау желілерін енгізуді ұсынды.

Осылайша, қайталама ресурстарды жинау және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру шеңберінде сұрыптау желісін дайындау, жеткізу, монтаждау және іске қосу жұмыстарын орындауға жүргізілген іріктеу нәтижесінде грек компаниясы SABO S.A. мен қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға арналған 3 автоматтандырылған желі (әртүрлі қуаттылықта, жылына 60-тан 100 мың тоннаға дейін) бойынша жұмыстарды орындауға келісімшарттар жасалды.

Автоматтандырылған сұрыптау желілері келесі элементтерді қамтиды: конвейер, пакеттерді жыртушы (ашқыш), ірі габаритті және сұрыптауға жатпайтын басқа да қалдық түрлерін іріктеу (жою) жүйесі, барабанды елеуіш

(сепаратор), көлденең сұрыптау конвейерлері, оларды орналастыру жүйесін қоса алғанда, баллистикалық сепаратор, оптикалық сепаратор, сұрыпталатын және престелетін қайталама шикізатты бұру және жинақтау жүйесі, «құйрықтарға» арналған бұрушы таспалы конвейер, қара металдарға арналған магниттік сепаратор, түсті металдарға арналған вихретокті сепаратор, сұрыптау желісін автоматты басқару жүйесі.

1984 жылы құрылған грек компаниясы SABO S.A. әлемнің 50-ден астам елінде жұмыс істейді, жүк тиеу-түсіру және орау жұмыстарына арналған автоматтандырылған және роботталған жүйелерді, ауыр өнеркәсіптік объектілерге арналған жабдықтар мен қызметтерді, сондай-ақ қалдықтарды өңдеуге арналған мамандандырылған жабдықтар мен интеграцияланған шешімдерді әзірлейді. 2013 жылдан бастап SABO қоршаған орта секторы қалдықтарды қайта өңдеу және басқару қажеттіліктерін қамту үшін өз қызметін кеңейтті.

SABO S.A. компаниясымен келісімшарттар жасалған кезде Румыния, Италия, Болгария және Грецияда қалдықтарды өңдеу және сұрыптау объектілерін енгізу бойынша 40-тан астам жоба табысты іске асырылды.

Қалдықтарды бөлек жинауға арналған арнайы техника.

«Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-де ҚТҚ-ны бөлек жинауды енгізу жобасы шеңберінде қоқыс таситын машиналарды құрастыру және жеткізу бойынша жүргізілген тендер шеңберінде Оператор Қазақстан үшін бірегей қоқыс таситын машина схемасын әзірледі, ол қалдықтарды бөлек жинау бойынша жұмыстарды жүзеге асырудың экологиялық аспектілерін, арнайы техниканың габариттеріне қойылатын заңнама талаптарын, сондай-ақ таулы жердің жағдайларын ескереді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ҚТҚ-ны селективті жинауға арналған 2 бірлік екі секциялы қоқыс таситын машина сатып алынып жеткізілді. Кузовтың пайдалы көлемі – 16 м3, артқы тиеу және қалдықтарды престеу жүйесі бар. Қалдықтарды 1:7-ге дейінгі коэффициентпен тығыздайды және өзіне 70 м3-ге жуық қалдықты немесе көлемі 1,1 м3 болатын 60-қа жуық еуроконтейнердің ішіндегісін сыйдырады. Әмбебап тиеу құрылғысы 120-дан 1100 литрге дейінгі барлық типтегі контейнерлерге арналған.

2021 жылға арналған жоспар

2021 жылы Оператор жаңа технологияларды енгізу және қалдықтарды екінші шикізат ретінде пайдалану шеңберінде Қазақстан Республикасында аралас материалдардан жасалған қаптама қалдықтарын, сондай-ақ ластанған пластик қалдықтарын екінші шикізат ретінде пайдалануды енгізу бойынша жұмыстарды орындауға іріктеулер жүргізуді жоспарлап отыр.

6. Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру туралы мәліметтер.

Қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру шеңберінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Операторомен және Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп Ақтөбе, Семей, Өскемен қалаларында қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау жобасын енгізу жөніндегі жол карталарын (бұдан әрі – Жол карталары) бекітіп, қол қойды.

Жол карталарының 2-тармағына сәйкес әкімдіктер Ақтөбе, Семей және Өскемен қалаларында қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау жүйелерін енгізу жөніндегі жобаларды іске асыру бағдарламаларын (бұдан әрі – Бағдарламалар) әзірлеп, бекітті.

Осы Бағдарламалар шеңберінде Оператор қаражаты есебінен төменде көрсетілген техника мен жабдықтарды сатып алу көзделген:



Өскемен қ. (жауапты ұйымдар: «Өскеменспецкоммунтранс» ЖШС және «Өскемен-Тазалық» ЖШС):

- Қаптама қалдықтарын бөлек жинауға арналған 1274 бірлік контейнер, оның ішінде:
  - 760 бірлік макулатура, пластик, металлға арналған контейнерлер;
  - 514 бірлік шыны сынықтары қаптама қалдықтарына арналған контейнерлер;
- 6 бірлік арнайы автокөлік (4 бірлік артқы тиеулі қоқыс таситын машина және 2 бірлік кран-манипуляторлық қондырғысы бар);
- қуаттылығы жылына 100 мың тонна болатын автоматты сұрыптау желісі.

Семей қ. (жауапты ұйым - Хазипов ЖК):



- Қаптама қалдықтарын бөлек жинауға арналған 1582 бірлік контейнер, оның ішінде:
  - 1050 контейнер макулатура, пластик, металлға арналған;
  - 532 контейнер шыны сынықтары қаптама қалдықтарына арналған;
- 6 бірлік арнайы автокөлік (4 бірлік артқы тиеулі қоқыс таситын машина және 2 бірлік кран-манипуляторлық қондырғысы бар);
- қуаттылығы жылына 100 мың тонна болатын автоматты сұрыптау желісі.

Ақтөбе қ. (жауапты ұйым - «НЕОPlus» ЖШС):

- Қаптама қалдықтарын бөлек жинауға арналған 1443 бірлік, оның ішінде: 481 бірліктен макулатура, пластик, металл және шыны сынықтарына арналған контейнерлер;

- 6 бірлік арнайы автокөлік (4 бірлік артқы тиеулі қоқыс таситын машина және 2 бірлік кран-манипуляторлық қондырғысы бар);
- қуаттылығы жылына 60 мың тонна болатын автоматты сұрыптау желісі.

Іске асыру нәтижесінде жоғарыда аталған қалаларда 189 жаңа жұмыс орнын құру көзделуде, атап айтқанда Өскемен және Семей қалаларында 64 жұмыс орнынан және Ақтөбе қаласында 61 жұмыс орнынан.

Сондай-ақ, техника мен жабдықтарды таңдаудың барлық рәсімі жауапты ұйымдар мен әкімдіктердің өкілдерімен бірлесіп жүзеге асырылатынын атап өткен жөн, олар Сараптамалық комиссияның құрамына кірді.

Бүгінгі күні Іле-Алатау ұлттық паркінде бөлек жинау жүйесін енгізу жөніндегі жол картасын іске асыру аяқталды.

Осылайша, Жол картасы шеңберінде Іле-Алатау паркі үшін құрғақ фракция қалдықтарын (қағаз, картон, пластик және шыны) жинауға арналған 135 контейнер, сондай-ақ тамақ қалдықтарын қабылдауға арналған 90 «жасыл түсті» контейнер жеткізілді. Бұдан басқа, таулы жерге арналған 2 бірлік екі секциялы қоқыс таситын машина сатып алынып жеткізілді.

Өз кезегінде, Іле-Алатау ұлттық паркі бөлек жинауды енгізу жөніндегі қол қойылған бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2021 жылдан бастап бөлек жинау деңгейін 80%-ке дейін жеткізу, сондай-ақ осы көрсеткішті 10 жыл ішінде сақтау міндеттемесін қабылдады.

2021 жылға арналған жоспар. Оператор Павлодар облысында, Алматы облысында (Талдықорған, Қапшағай, Іле ауданы) бөлек жинау жүйесін енгізу жөніндегі жол карталарына қол қою бойынша ұқсас жұмысты жоспарлады. Жоғарыда көрсетілген жол карталарын іске асыру 2021 жылы күтілуде.

7 .Электр зарядтау станцияларының желісін құру және дамыту туралы мәліметтер.

ҚР Президентінің 2017 жылғы 3 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған қажетті инфрақұрылымды құра отырып, электромобильдер өндірісін дамыту қажеттігі туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында, 2017 жылы Оператор Қазақстан Республикасында электр зарядтау станцияларының (ЭЗС) инфрақұрылымын дамыту бойынша пилоттық жобаны іске асыруды бастады.

Пилоттық жобаны дамыту үшін 2018 жылдың 21 ақпанында «ЭЗС Операторы» ЖШС кәсіпорны құрылды, оған желіні одан әрі дамыту нарықтық тетіктермен қолдау тапқанға және қаржыландырылғанға дейін кәсіпорынның жұмыс істеуі үшін қажетті ЭЗС желісін құруға мақсатты қаражат бөлінді.

ЭЗС Операторы 2018-2019 жылдар аралығында 103 (жүз үш) бірлік ЭЗС орнатты және пайдалануға қосты, оның ішінде ҚР қалаларында: Нұр-Сұлтан (51) және Алматы (52).

Орнатылған F4-51 модельді (баяу) 100 бірлік және TG50/100 модельді (жылдам) 3 бірлік зарядтау станциялары украиндық «E-Line» ЖШҚ өнімі болып табылады.

2020 жылдың 1 ақпанынан бастап ЭЗС Операторы станцияларында зарядтау қызметтерін жеке тұлғалар үшін айына 9000 (тоғыз мың) теңге тарифі бойынша зарядтау көлемінің лимитін ескермей ұсыну туралы шешім қабылданды. Пайдаланушылар тізімі түрінде берілген RFID карталарының тұрақты есебі жүргізіледі.

Бұрын берілген карталар және жаңа пайдаланушылар бойынша хабарлау және ескерту мақсатында компанияның www.oezs.kz ақпараттық сайты іске қосылды, кейіннен тіркеу бетіне өтумен.

ЭЗС Операторының сайтында оферта шартын қабылдау туралы хабарламамен 38 пайдаланушы тіркеліп, тіркелді.

Сайттың мүмкіндіктері:

- Лид-генерация, клиенттер ағыны;
- ЭЗС желісінің жаңа және қолданыстағы пайдаланушыларын онлайн тіркеу;
- Кері байланыс формасы;
- Төлем жасау және төлемдерді қабылдау бойынша нұсқаулықтар;
- ЭЗС картасы, орналасқан жері, 2ГИС навигациялық жүйесі арқылы бағдар жасау.

Инстаграм әлеуметтік желісінде @operatorezs парақшасы құрылды – компанияның жаңалықтары және электр көлігі саласындағы әлемдік жаңалықтар мерзімді түрде жүктеледі.

Оператор ЭЗС желісінің пайдаланушыларынан онлайн төлемдерді қабылдау бойынша «Каспий Банкі» АҚ «Kaspi QR» мобильді қосымшасына қосылу бойынша жұмыс жүргізілді.



Жақын кезеңге арналған жоспарлар:

1. Төлем алу мүмкіндігімен электромобильдерді зарядтау бойынша заманауи және тиімді қызметті ұйымдастыру үшін бағдарламалық-аппараттық IoT платформасын сатып алу және енгізу жоспарлануда.

2. Қазіргі уақытта Алматы қаласында қоғамдық көлікті дамытуға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған «Алматы қаласының пилоттық ауданы арқылы экологиялық таза және қауіпсіз қоғамдық көлікті енгізу тұжырымдамасы» пилоттық жобасын іске асыру белсенді жүргізілуде. Алматы қаласының пилоттық ауданы арқылы экологиялық таза және қауіпсіз қоғамдық көлікті енгізу тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде, жергілікті мемлекеттік органмен келісім бойынша «ӨКМ Операторы» ЖШС қаражаты есебінен 2 пилоттық жобаны іске асыру жоспарлануда:

3. Алматы қаласында жеке алынған автобус бағытын электр автобустарымен жабдықтау;

4. Алматы қаласындағы «Медеу» биік таулы сырғанау алаңы мен «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты арасындағы бағдар бойынша электр таксиді іске қосу.

5. www.oezs.kz веб-сайтын жаңғырту, қайта дизайн жасау, олар сайтқа және әлеуметтік желілерге тартылған нысаналы трафиктің көлемін арттыруға бағытталған. Компания 2021 жылға Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы ЭЗС желісін кезең-кезеңімен одан әрі кеңейтуді, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан - Көкшетау», «Нұр-Сұлтан - Қарағанды - Алматы», «Алматы - Шымкент» басым бағыттары бойынша автожолдардың белгілі бір учаскелерінде жылдам ЭЗС орнатуды жоспарлап отыр.

8.Тарихи экологиялық проблемаларды шешу. Дариял-У.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның экологиялық кодекспен белгіленген өкілеттіктері шеңберінде ӨКМ Операторы еліміздің белгілі бір тарихи экологиялық проблемаларын шешу шеңберінде кәдеге жарату төлемінің қаражатын бағыттай алатын қызметтің өзге де түрін айқындау бойынша жылына бір іс-шара қарастырылған.



Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Гүлшат кентінің маңындағы Балқаш көлінің жағасында орналасқан «Балқаш-9» бұрынғы әскери объектісінің («Дариял-У» радиолокациялық станциясы) аумағында мемлекетке тиесілі ПХД бар қалдықтар орналастырылған: ПХД бар қалдықтары бар 183 контейнер (6002 ПХД-конденсаторы) және ПХД ластанған жеке қорғаныс құралдары, шүберек, сорбент, ДСП және басқа

да шығыс материалдары бар 3 контейнер.



ЭГТРМ №69-п 10.03.20 жылғы бұйрығының негізінде, 2020 жылы ӨКМ Операторы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданыны Гүлшат кентінің маңындағы Балқаш көлінің жағасында орналасқан «Балқаш-9» бұрынғы әскери объектісінен («Дариял-У» радиолокациялық станциясы) ПХД бар 6002 конденсаторды және ПХД қалдықтары бар контейнерді қайта орау, шығару және уақытша сақтауға орналастыру жөніндегі іс-шараны қаржыландырды (бұдан әрі – ПХД бар қалдықтар).

Осы ПХД бар қалдықтар қайта оралып, Ақмола облысы Степногорск қаласы 1 өнеркәсіптік аймағының 136 құрылысының аумағында орналасқан уақытша сақтау қоймасына тасымалданды. Осы ПХД бар қалдықтар қайта оралып, Ақмола облысы Степногорск қаласы 1 өнеркәсіптік аймағының 136 құрылысының аумағында орналасқан уақытша сақтау қоймасына тасымалданды. Осылайша, тарихи экологиялық проблемалардың бірі шешілді.

Барлық жұмыстар ҚР ЭГТРМ, «Жасыл даму» АҚ, Қарағанды және Ақмола облыстары бойынша экология департаменттерінің, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіретін 6002 ПХД бар конденсаторды және ПХД бар қалдықтары бар 3 контейнер қайта орау, тасымалдау және уақытша сақтау жөніндегі іс-шараларға қоғамдық мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қатысуымен жүргізілді (бұдан әрі – ВАК).



2020 жылдың 21 тамызында ВАК-тың ЭГТРМ, Ақмола облысы әкімінің орынбасары, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың басшылығы, Степногорск қаласының халқы мен азаматтық белсенділері, Оператордың байқау кеңесінің мүшелері, экологиялық қауымдастықтар мен одақтардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, қоғам қайраткерлері және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен кеңейтілген отырысы өтті.

Осы отырыстың қорытындысы бойынша қатысушылар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде Степногорск қаласындағы қоймада ПХД қалдықтарын уақытша сақтау мерзімін қысқарту туралы келісімге қол жеткізілді.

9. Процестерді автоматтандыру және цифрландыру.

2020 жылы Оператор орындайтын жұмыстарды автоматтандыру және цифрландыру бойынша жұмыстар кешені жүргізілді.

2020 жылдың сәуір айынан бастап ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті базасының сервисімен жүргізілген интеграцияға байланысты Оператордың ААЖ ақпараттық жүйесінде көлік құралдарын кәдеге жаратуға есептен шығару туралы деректерді автоматты түрде тексеру жүзеге асырылады. Тексеру 1 минуттан аспайтын уақыт ішінде жүзеге асырылады (бұрын 15-тен 30 күнге дейін) және өтінімдерді қараудың жеделдігін қамтамасыз етуге және ПШКҚ иелеріне өтемақыны уақтылы төлеуге немесе жеңілдік сертификатын беруге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен әкімшілік кедергілердің көріністерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, кәдеге жаратуға қабылданатын объектілердің тізбесі де кеңейтілді, 2020 жылы пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы (ПШӨЖАШТ) қабылдау үшін функционал әзірленді. Құжаттарды қабылдау Оператордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ) арқылы жүзеге асырылады.

Деректерді пайдалануға рұқсат беру (ДПБ) процедурасына электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы авторизациялау мүмкіндігі, сондай-ақ құжаттардың айқындығын және уақытылы қаралуын қамтамасыз ету үшін барлық пайдаланушылардың іс-қимылдарын журналға жазу енгізілді.

Бұдан басқа, процесті оңтайландыру, сондай-ақ өтініштерді қарау мерзімін қысқарту мақсатында өндірушілерді ынталандыру процедурасы электрондық форматқа көшірілді.

Маңызды жаңалықтардың бірі – талап-арыз жұмыстарын электрондық форматқа көшіру, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (ҚР ҚМ МКК) ұсынатын ақпаратты өңдеу мерзімі айтарлықтай қысқарады, сондай-ақ төлем шотын автоматты түрде беру жүзеге асырылады.

2020 жылы автоматтандыру және цифрландыру бойынша атқарылған жұмыстарға қарамастан, Оператордың жоспарында ҚР ҚМ МКК базаларымен, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі (ХҚКО АЖ), Көлік құралдарының электрондық паспорттары жүйесі (КҚЭПЖ), «Kaspi Bank» АҚ-мен интеграциялау, сондай-ақ Оператордың қолданыстағы ААЖ-ын одан әрі дамыту бойынша маңызды міндеттер тұр.